

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1980. – 308 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003. – 316 б.
3. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 2004. – 120 б.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005. – 132 б.
5. Әмірбекова А. Көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу үлгілері // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: Конференция материалдары мен тезистері. – Алматы, 2004. – 224 б.
6. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006. – 262 б.
7. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1994. – 182 б.

Қалибекұлы Толқын

Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ

Шығыс тілдері аударма кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
tolkyn.kalibek@mail.ru

«ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ДЫБЫСТАҢБА ЖОБАСЫНДАҒЫ» ДЫБЫСТАР МЕН ДЫБЫС ТІРКЕСТЕРІН ҚАЗАҚ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА ТАҢБАЛАУ*

Біз «Қытай тілінің фонетикалық дыбыстаңба жобасы» деп атаған 汉语拼音方案 атауы сөздіктерде, оқулықтар мен оқу құралдарында қазақ тіліне әртүрлі аударылып жүр.

С.Найманның редакциясымен 1989 жылы жарық көрген “Ханзуша-қазақша сөздіктің” 5-басылымында 汉语拼音方案 атауы “ханзу тілінің дыбыстық таңба жобасы” деп аударылып берілген [1, 430]. Шыңжаң Ұлттар тіл-жазу қызметі комитеті дайындаған «Қазақ тілінің емле сөздігінде» “ханзу тілі фонетикалық жазу жобасы” деп берілген [2, 670].

Д.Мәсімхан мен Қ.Мамытанның “Қазақ университеті” баспасынан жарық көрген «Қытай тілі фонетикасының негіздері» атты оқу құралында “Қытай тілінің дыбыс құрау жобасы” болып аударылған [3, 9]. Қ.Ғабитқанұлы “Қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасы” деп берген [4, 16].

Орыс тілінде 汉语拼音方案 атауы «Проект фонетической транскрипции китайского языка» болып берілсе, ағылшын тілінде «Scheme for the Chinese Phonetic Alphabet» болып беріліп жүр.

Шамамен 500 жылдың алдында Қытайдағы дүнгендер қытай иероглифтерінің дыбысталуын алғаш рет сяоэрцзин арқылы, яғни араб қарпімен таңбалаған екен.

Италиялық миссионер Matteo Ricci (1552 – 1610) қытай иероглифтерінің дыбысталуын алғаш рет латын графикасында таңбалайды. Британдық дипломат және синолог Томас Фрэнсис Уэйд 1867 жылы қытай тілін үйренушілерге арнап «文件自述集 Wen-chien tzu-erh chi» деп аталатын оқу құралын жазып шығарады. Автор кітабында Қытайдағы жер-су аттары, хань ұлтының кісі аттарының оқылуын латын графикасында транскрипциялайды. Томас Фрэнсис Уэйддің транскрипциясы “Wade system” деп аталады. Томас Фрэнсис Уэйддің шәкірті Г.А.Джайлс ұстазы жасаған транскрипциялау тәсілін одан әрі жетілдіріп, “Wade-Giles” жобасын жасайды. Оның жасаған транскрипциясы пошта салаласында кеңінен қолданылады. Кейін бұл жоба “Postal Spelling System” деп аталып кетеді.

1956 жылдың ақпан айында Қытайдың Жазу реформасы комитеті иероглифтердің дыбысталуын латын графикасында таңбалайтын «汉语拼音方案» жобасының жобалық нұсқасын әзірлейді. Жобалық нұсқа кең көлемде талқыланып, өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізілгеннен кейін 1958 жылдың 11 ақпанында ашылған бірінші кезекті Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының 5-ші шақырылымында ресми түрде бекітіледі де жаппай қолданыла бастайды.

1977 жылы Географиялық атауларды стандарттау жөніндегі БҰҰ-ның конференциясы бұл жобаны Қытайдың ономастикалық атауларын латын графикасында транслитерациялаудың халықаралық стандарты етіп бекітеді. 1982 жылдың 1 тамызында «Қытай тілінің фонетикалық

*Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қытай тіліндегі ономастикалық атауларды жаңа ұлттық қазақ латын жазуында таңбалаудың лингвистикалық негіздері» атты гранттық жобасы (ЖСН 0121РК00508) негізінде жазылды.

дыбыстанба жобасы» Халықаралық Стандарттау Ұйымы тарапынан қытай тілінің дыбыстары мен дыбыс тіркесімдерін (күрделі юнмулар) латын графикасында таңбалайтын халықаралық стандарт (ISO 7098) болып бекітіледі.

1. «Қытай тілінің фонетикалық дыбыстанба жобасының» құрылымы

«Қытай тілінің фонетикалық дыбыстанба жобасында» мына мазмұндар қамтылған: иероглифтердің оқылуы мен дыбысталуын жазатын 26 әріптен тұратын әліпби; шыңмулар (инициалдар) кестесі; юнмулар (финалдар) кестесі; тон белгісі; буын айыру белгісі.

1) Әліпби

Иероглифтердің оқылуы мен дыбысталуын таңбалайтын 26 әріп мыналар:

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|----|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| a | b | c | d | e | f | g | h | i | j | k | l | m |
| | e | e | e | | f | e | a | | e | e | l | m |
| n | o | p | q | r | s | t | u | v | w | x | y | z |
| e | | e | iu | r | s | e | | e | a | i | a | e |

26 әріптен тұратын әліпбидің реті классикалық латын әліпбиінің реті бойынша берілген.

V таңбасы тек шеттілдік сөздер мен аз саны ұлттар мен қытай диалектілерінде ұшырасатын төл дыбыстарды жазу үшін пайдаланылады.

2) Шыңмулар кестесі

Шыңмулар кестесінде берілген дауыссыз шыңмулардың саны – 21. Олар:

b, p, m, f, d, t, n, l, g, k, h, j, q, x, zh, ch, sh, r, z, c, s.

Әліпбидің құрамына енбеген *zh, ch, sh* дауыссыз шыңмулары қосалқы әріп ретінде шыңмулар кестесіне енгізілген.

Шыңмулар кестесіндегі дауыссыз шыңмулардың реті әліпбидің ретіне ұқсамайды. Шыңмулардың реті дыбыстың жасалу орнына қарай орналастырылған. Мәселен, b, p, m, f шыңмулары – еріндік дауыссыз дыбыстар болса, d, t, n, l шыңмулары – тілұшы дауыссыз дыбыстары болып саналады.

Диграфпен таңбаланған *zh, ch, sh* әріптерін *ẓ, c̣, ṣ* таңбалары арқылы қысқартып жазуға болады.

3) Юнмулар кестесі

Кестеде тек 35 жалаң және күрделі юнмулар берілген: a, e, o, u, i, ü, ai, ei, ao, an, ang, en, eng, ou, ong, ia, ie, iao, iou, ian, in, iang, ing, iong, ua, uo, uai, uei, uan, uen, uang, ueng, üe, üan, ün.

Юнмуларды жазуда көңіл бөлегін мәселелер:

А) 知 (zh), 蚩 (ch), 诗 (sh), 日 (r), 资 (z), 雌 (c), 思 (s) сияқты 7 буынның құрамында **i** юнмуы қолданылады: *zhī, chí, shī, rì, zī, cǐ, sī*.

Ә) 儿 юнмуы *er* болып жазылады. Буынның соңынан келгенде *r* болып жазылады: 儿童 → *értóng*; 花 → *huā*.

Б) ㄜ юнмуы жеке-дара қолданылғанда **ê** болып жазылады.

В) I, ia, ie, iao, iou, ian, in, iang, ing, iong юнмулардың алдынан шыңмулар (дауыстылар) келмесе, *yī* (衣), *yá* (呀), *yé* (耶), *yào* (腰), *yōu* (忧), *yān* (烟), *yīn* (因), *yāng* (央), *yīng* (英), *yōng* (雍) болып жазылады.

У, ua, uo, uai, uei, uan, uen, uang, ueng юнмуларының алдынан шыңмулар (дауыстылар) келмесе, бұл дыбыс тіркестері *wū* (乌), *wá* (蛙), *wō* (窝), *wāi* (歪), *wēi* (威), *wān* (弯), *wēn* (温), *wàng* (汪), *wēng* (翁) болып жазылады.

Ü, üe, üan, ün юнмуларының алдынан шыңмулар келмесе, аталмыш дыбыс тіркестері *yū* (迂), *yüē* (约), *yüan* (冤), *yün* (晕) болып жазылады. Ü-дің төбесіндегі екі нүкте түсіріліп жазылады. Ü дыбысы *j, q, x* дыбыстарымен тіркескенде, ü-дің төбесіндегі екі нүкте түсіріліп жазылады: *ju* (居), *qu* (区), *xu* (虚). Ü дыбысы **n** және **l**-мен тіркескенде төбесіндегі екі нүктені түсіріп жазуға болмайды: *nü* (女), *lǚ* (吕).

Г) Iou, uei, uen юнмуларының алдынан шыңмулар келгенде, олар *iu, ui, un* болып жазылады: *niú* (牛), *guì* (归), *lun* (论).

Ғ) Диграфпен таңбаланған *ng* әрпін *ŋ* таңбасы арқылы қысқартып жазуға болады.

4) *тон белгісі*

Қытай тілінің ортақ тілінде, яғни путунхуада 4 тон бар: тегіс тон (ˉ), көтеріңкі тон (ˊ), бәсең-көтеріңкі тон (ˇ), күрт бәсеңдеу тоны (ˋ). Тон буын құрамындағы негізгі дауысты дыбысқа қойылады, жеңіл тонның тон белгісі болмайды.

妈 mā, 麻 má, 马 mǎ, 骂 mà, 吗 ma

5) *буын айыру белгісі*

Буын айыру белгісі *a, o, e* дауыстыларынан басталатын буындар қос буынды сөздің құрамында соңғы буын болып келсе, оның алдыңғы буынмен қосылып, бір буынға айналып кетпеуі үшін қойылады: 皮袄 pí'ǎo.

Ескерту: Егер *pí'ǎo* сөзіне буын айыру белгісін қоймасақ, ол бір буынды сөзге өзгереді де, *piao* болып оқылады, оның мағынасы да бүтіндей өзгеріп кетеді.

«Қытай тілінің фонетикалық дыбыстанба жобасындағы» 26 әріптің аталуы, шыңмулар мен юнмулардың дыбысталуы бопомофо (注音符号) арқылы берілген.

«Бопомофо жобасы» қытай иероглифтерінің айтылуын дұрыс таңбалау мақсатында 1918 жылы жасалған. Жобадағы таңбалар тек қытай иероглифтерінің дыбысталуы мен айтылуын ғана таңбалап береді. «Бопомофо жобасы» Қытайда 1958 дейін қолданылды. Бұл жоба қазіргі таңда Тайуанда кеңінен қолданылуда.

2. «Қытай тілінің фонетикалық дыбыстанба жобасының» қолданылуы

1) Иероглифтің дыбысталуын таңбалайды. Яғни ол – қытай иероглифінің дұрыс оқылуын таңбалайтын құрал. «Қытай тілінің фонетикалық дыбыстанба жобасының» көмегімен иероглифтің шыңмуы, юнмуы және тонын айқын байқауға болады. Мәселен, 人 иероглифін *rén* деп таңбалаймыз, *r* – шыңму, *en* – мұрын жолды күрделі юнму. Тон белгісі *e* дауысты дыбысының төбесіне қойылған, 人 иероглифі көтеріңкі тонмен (ˊ) оқылады.

2) Қытайдағы басқа диалектте сөйлейтін ханзу ұлтының өкілдері, аз санды ұлттар және шетелдік азаматтардың путунхуаны, яғни қытай тілінің ортақ тілін үйренуге арналған көмекші құрал.

3) Қытайдың жер-су атаулары мен кісі аттарын латын графикасында транслитерациялаудың стандарты ретінде қолданылады. Шетелдік төлқұжаттағы ханзу ұлты мен аз санды ұлттардың есімдерін латын графикасында жазуда қолданылады.

4) Кітапханаларда әдебиеттерді каталогтау, ақпараттық ізденіс, мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауда, т.б. салада кең қолданылады. Сөздік құрастыруда да пайданылады.

5) Бүгінгі ақпараттандыру заманында қытай тілінің дыбыстанбасы (pinyin) қытай тіліндегі ақпаратты өңдеуде қолданылатын құрал ретінде пайдаланылады. Қытай иероглифтері компьютердің пернетақтасында орналасқан әріптер, яғни «Қытай тілінің фонетикалық дыбыстанба жобасындағы» 26 әріп арқылы теріледі.

3. Қытай тіліндегі дыбыстарды қазақ латын графикасында таңбалау мәселесі

1) Қазіргі қытай тіліндегі дауыссыз дыбыс әріптерінің қазақ латын графикасында таңбалануы.

Қазіргі қытай тілінің ортақ тілінде, яғни путунхуада 21 шыңму (дауыссыз дыбыс) бар. Қытай тілінде шыңмулар (*n* мен *ng* дауыссыздарынан басқалары) тек буынның басында ғана ұшырасады, *n, ng* мұрын жолды шыңмулары тек буынның соңынан келеді. Буын немесе сөз құрамында шыңмулар (дауыссыздар) ешқашан қатар келмейді.

Қазақ латын әліпбиіндегі дауыссыз дыбыс әріптерімен сәйкес келетін қытай тіліндегі әріптер мыналар:

| | | | | |
|-----|-----|-----|-------|-------|
| b | m | n | l | |
| — b | — p | — m | — f | — d |
| | | — t | — n | — l |
| | | — g | | |
| k | j | s | n | |
| — k | — h | — j | — z | — s |
| | | — r | h — ş | g — ŋ |

Жоғарыдағы кестедегі әріптердің құрамындағы *sh* мен *ş*-ның, *ng* мен *ŋ*-ның графикалық кескіні ұқсамайды, бірақ айтылуы ұқсас. Қытай иероглифтерінің дыбысталуын транскрипциялағанда жазуға жеңіл болу үшін *ng* әрпін пілтұмсық *ŋ* әрпімен жазуға болады. Бірақ жер-су атаулары мен кісі есімдері және т.б. атауларды транслитерациялағанда *ng* әрпін *ŋ* таңбасымен жазуға болмайды.

Қытай тіліндегі *q, c, x, ch, zh* дыбыстарын таңбалайтын, яғни оларға сәйкес келетін әріптер жоқ. Бұрын бекітілген әліпби құрамында диграфпен таңбаланған *sh (u), ch (ч)* әріптері болған, бірақ жетілдірілген әліпби жобасында *sh, ch* әріптері алынып тасталған, олардың орнына бір ғана *ʃ* әрпі қолданылады. *Zh* әрпі ресми құжаттарда кісі есімдерін ағылшын тілінде жазуда *ж* әрпінің орнына қолданылып жүр. Қытай тіліндегі *q* мен қазақ тіліндегі *q* әрпінің графикалық кескіні ұқсас, алайда олар – дыбысталу жағынан бір-біріне ұқсамайтын дыбыстар. Қытай тіліндегі *q* дыбысы **ч** дыбысына жуықтау айтылады. *X* әрпі жетілдірілген әліпби құрамына енген, бірақ ол цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерді жазуда қолданылады (*Xerox, Xiaomi, Kimex, Maxima*). Сонымен, *sh* дыбысын *ʃ* арқылы таңбалаймыз, ал *ch, x, q* дыбыстарын таңбалайтын әріптердің болмауына байланысты оларды да **ʃ** әрпімен таңбалауға тура келеді. Дыбысталуы да, жазылуы да, графикалық кескіні де бір-біріне мүлде ұқсамайтын 4 әріпті бір ғана **ʃ** арқылы таңбалау сөз мағынасына нұқсан келтіретіні сөзсіз.

2) Қазіргі қытай тіліндегі дауысты дыбыс әріптерінің қазақ латын графикасында таңбалануы.

Қытай тіліндегі 39 юнму (дауыстылар мен дауысты дыбыс тіркестері) бар. Путунхуадағы жалаң юнмулар (дауысты дыбыстар): *a, o, e, ê, i, u, ü, – i (тіл алды), – i (тіл арты), er.*

Күрделі юнмулар: *ai, ei, ao, an, ang, en, eng, ou, ong, ia, ie, iao, iou, ian, in, iang, ing, iong, ua, uo, uai, uei, uan, uen, uang, ueng, üe, üan, ün.*

Аталмыш күрделі юнмуларды қазақ латын графикасында оқылуын (жазылуы емес) таңбаласақ:

| | | | | | | | | |
|--------|---------|---------|-------|------|-------|-------|-------|-----|
| ai | aï — | ei (êi) | au | ao— | an | an — | ang — | en |
| ei | ei (êi) | ou | au | ao— | an | an — | ang — | en |
| en | eng — | ou | — ūŋ | ong | ia — | ia — | ie — | iao |
| ian | ian — | in — | — iaŋ | iang | ing — | ing — | iong | ua |
| o (uo) | uo — | uai | — uan | uan | uang | uang | ueng | üe |
| uān | üan — | ün | — uan | uan | uang | uang | ueng | üe |
| uān | üan — | ün | — uan | uan | uang | uang | ueng | üe |

Ескере кететін жайт: Жетілдірілген әліпби жобасында *i (i)* мен *ı (и, й)* орны ауысты. Мұның себебі: Қазақ тіліндегі **i** дыбысының қолданылу жиілігі өте жоғары, нүктелер санының көбейіп кетпеуі үшін, ғалымдар тарапынан **i** дыбысын нүктесіз жазу ұсынылған. Сонымен, қазақтың төл **i** дыбысы **ı** таңбасымен, ал қысқа **ı** мен **u** дыбысы **i** таңбасымен белгіленді. Сол себепті біз қытай тіліндегі **i** дыбысының айтылуын қазақ тіліндегі **ı** арқылы таңбаладық.

Ханзу ұлтының кісі есімдері, қытай тілінде жазылып, сол тілде айтылатын жер-су атаулары, брендтері мен маркаларын жазуда қытай тілінің төл дыбыстары **j, q, sh, c, x, ch, zh** жиі қолданылады. Кісі есімдері: *Deng Xiaoping (邓小平), Xi Jinping (习近平), Li Keqiang (李克强), Liu Shaoyi (刘少奇), Cao Xueqin (曹雪芹), Wang Qishan (王岐山), Zhang Hongwei (张宏伟)*. Жер аттары: *Jilin (吉林), Qiqihaer (齐齐哈尔), Shanghai (上海), Shijiazhuang (石家庄), Xi'an (西安), Changsha (长沙), Shenzhen (深圳), Zhengzhou (郑州)*. Бренділер мен маркалар: *Shein, Huawei, Xiaomi, Vivo, Oppo, ZTE, Haer, TCL, Faw, Chery, Hong Qi, Forland*, т.б.

Статистикаға сүйенсек, қытай тіліндегі ең жиі қолданылатын 400 буынның ішінде ең көп ұшырасатын 14 буынның құрамында *shı, zhi, zhe, wo* буындары бар, ең көп кездесетін 33 буынның құрамында *zhong, zi, shang, wei, xiang, zhu, sheng, zai, xiao, wu, chan, zuo, xian, quan, shuo* буындары бар екен.

Әр тілдің өзіне тән ұлттық ерекшеліктері болады. Кірме сөздер қазақ тілінің үндестік заңына бағынуы керек. Алайда ханзу ұлтының кісі есімдері мен жер аттарын латын графикасында транслитерациялауда өте мұқият болған дұрыс. Мәселен, *x, q, sh, ch* дыбыстарын бір ғана **ʃ** әрпімен, *s* мен *c* дыбысын тек **S** әрпімен, *zh* мен *j* дыбысы **J** әрпімен таңбаласақ, графикалық кескіні ұқсас әріптерден (бірақ жазылуы мен айтылуы мүлде басқа) құралған сөздерді бір-бірінен ажырату қиынға соғады, яғни сөздердің мағыналық өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Мәселен, *Qinghai (青海 Чиңхай)* провинциясын *ʃinghai* деп жазсақ (*q*-ның орнына *ʃ*), ал *Xinghai (兴海 Шіңхай)* деген жер атын да *ʃinghai*

деп жазсақ (x әрпінің орнына ζ), сөз мағынасына нұқсан келеді де, оларды бір-бірінен ажырата алмай қаламыз.

Қазақ кирилл графикасында x мен sh дыбысы $ш$ арқылы, q мен ch дыбысы $ч$ -мен, таңбаланып жүр.

Қазақ тілді БАҚ-та, халықаралық келісімшарт, т.б. ресми құжаттарда жазылатын қытай жер-су атаулары мен ханзу ұлтының кісі есімдерін жазудың стандартты ережелерін жасау өте маңызды. Қытай кісі есімдері, жер-су атаулары, латын графикасында жазылған бренд, марка, фирма атаулары, әуежай атаулары, т.б. түпнұсқа бойынша транслитерациялау керек. Сондай-ақ қытай тілінің ономастикалық атауларының жазылым және айтылым емле ережелерін жасау да кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Сөзімізді белгілі фонетист ғалым Ә.Жүнісбектің сөзімен қорытындыласақ: “Сонда бүгінгі қазақ әліпбиі дербес-дербес екі бөліктен тұрады. Төл әліпби өз таңба құрамы мен айтылым емле ережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және айтылым емле ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданбалық (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес” [6, 231].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Hanzuxa-Қазақша сөздік. Жалпы редакциясын басқарған S.Nayman. – Ürimji: Xinjiang halek baspase, 1989. – 1550 б.
2. ШҰАР Ұлттар тіл-жазу қызметі комитеті. Қазақ тілінің емле сөздігі. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1986. – 696 б.
3. Мәсімхан Д., Мамытан Қ. Қытай тілі фонетикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 162 б.
4. Ғабитқанұлы Қ. Қытайдағы қазақтардың жазу тарихы // Тілтаным. – Алматы: 2018. – № 2. – Б.12-19.
5. Жүнісбек Ә. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағлымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

Хаирова Г.М.

Ассоц. профессор кафедры
русского языка и литературы им. Г.А.Мейрамова
Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова

О МЕТОДОЛОГИЧЕСКОМ ОБОСНОВАНИИ ПОНЯТИЙ «ТЕРМИН» И «ТЕРМИНОЛОГИЯ»

Русский язык сейчас представляет собой сложную смесь всевозможных слов, понятий, терминов, как заимствованных из других языков, так и возникших в свете последних событий развития русскоязычного общества, как социального общества, так и информационного общества. С развитием науки возникают сложные термины и понятия, которые требуют своей трактовки. Чтобы упорядочить всю массу трактовок и исключить повторяющиеся объяснения слов, которые на первый взгляд похожи, но имеют совсем различный смысл, несущий в себе информацию, возникла такая наука как терминология. Поэтому мы попытаемся объяснить разницу различных точек зрения понятия «термина» и «терминологии».

Термин – (от лат. *terminus* – граница) языковой знак (слово или словосочетание), соотношенный со специальным (научным, профессиональным и др.) понятием. Свыше 90% новых слов, появляющихся в языке, составляют термины [2, 37]. Критерий терминологичности – специальная область употребления. Свойствами терминов являются дефинитивность, мотивированность, структурность, системность. Дефинитивность термина является необходимым условием выделения терминологической единицы из словарного состава языка. Дефиниция, отражающая специальное понятие термина, определяет его содержательную точность и четкость. Терминология – совокупность лексических единиц естественного языка, обозначающих понятия определенной области знаний или деятельности, стихийно складывающаяся в процессе её зарождения и развития [3, 79]. Термины не существуют изолированно, а входят в состав совокупности единиц – терминосистемы, "которая является языковой (зна-ковой) моделью некоторой специальной сферы знаний или деятельности". В ходе своего развития терминология преобразуется в терминосистему. Проблемы терминов, терминологии, терминосистемы изучает терминоведение. Различают общее терминоведение, имеющее целью изучить природу терминов, и прикладное терминоведение, рассматривающее возможность использования терминов в различных областях деятельности: при составлении